


Ж. Ж. СҮЛЕЙМЕНОВА


САЙРАМ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАШЫҚТАРЫНЫҢ КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРДАҒЫ КЕРАМИКА КЕШЕНДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

Сайрам және Шымкент қала жұрттарында 2004 жылдан бастап кешенді түрде археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Осы жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстардың нәтижесінде ескерткіштердің жоғарғы құрылыс қабаттарынан кейінгіортағасырлық керамикалар кешені жиналды.

Сайрам көне қалашықтың орнында орналасқан, ол жерде көптеген архитектуралық және археологиялық ескерткіштер көп. Осы жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстары осы аймақты мекендеген халықтардың тарихына, мәдениетіне және шаруашылығына тиісті біршама мәселелерді анықтау мүмкіндігін берді. Олардан алынған матери-



Кейінгі ортағасырдағы Сайрам керамикасы



Кейінгі ортағасырдағы Шымкент керамикасы

1-сурет

алдардың басым көпшілігі кейінгі ортағасырлық керамикалар.

Сайрам және Шымкент қалашықтарының жоғарғы құрылыс қабаттарынан алынған керамикалар негізінен XVII ғасырмен XX ғасырдың басына жатады¹. Біз осы мақаламызда шыңылтырмен (глазурь) қапталған бұйымдарды көріп шығамыз. Олар кесе, табак (блюда), түбек, тағара болып бөлінеді. Бұл ыдыстар керамика шеберінің арнайы шеңберінде

жасалынған, алайда қолдан жасалғандары да кездеседі.

Кеселер. Олардың түбі көп жағдайда дискі тәріздес немесе дөңгелек болып келеді (1,11-сурет). Кеселердің пішімдері жартылай сфералы, ернеу-лері сыртқа қарай жеңіл қайрылған (1,1-сурет). Мұндай дәстүрлі пішіндер XV–XVI ғғ. кеңінен кездеседі, сондай-ақ XIX–XX ғғ. басында да кездесіп жатады². Керамика құрамдарының түстері қызғыш не-

¹ Полевой отчет: «Культурное наследие Южно-Казахстанской области: городище Шымкентское». 2005–2008 гг. // Архив Института археологии им. А. Х. Маргулана МОН РК.

² Мирзаахмедов Д. К истории художественной культуры Бухары. Ташкент, 1990. С. 10.

месе ақшыл қоңыр болып келген. Шыңылтыр (глазурь) негізінен кеселердің ішкі бөлігін толығымен қапталып, ал сыртқы беткейлері кей жағдайда кесенің жарты беліне дейін, кей кездері ернеуінің мойын бөлігіне дейін қапталған. Ал сырты толығымен шыңылтырмен қапталған кеселер сирек кездеседі.

Шыңылтырлардың түстері ақшыл көк, ақ, кара-қоңыр, қоңыр, сарғыш, жасыл. Кеселердің көлемдері ернеулері – 16–18 см, түбі – 6–7 см, биіктіктері – 8–9 см, кеселердің негізінен ішкі беткейін қаптаған ою-өрнектер көбінесе өсімдік тектес және геометриялық мотивте салынған. Кей кездері ақ, ашық көк, қоңыр, ашық жасыл түсті шыңылтырмен өрнексіз бір түсте қапталған. Көбінесе кеселердің ішкі түбі розеткалармен, жіңішке күрделі сызықтармен көмкерілген. Көлемі орташа кеселердің ернеуінде көбіне екі-үш рет қайталанған дөңгелек сызықтар, кесенің ішкі түбінде де жиі қайталаанады. Мұндай дөңгелек сызықтар кесенің шұңқырлығын жасырғандай. Кесе шыңылтырларының сапасы төмен болғанымен түстері анық әрі үйлесімді.

Табақ (блюда). Табақтар керамикалардың арасында жиі кездеседі. Олардың түбі көбінесе дискі тәрізді ішке қарай майысқан (1,9,10-сурет). Табақтардың ернеулері кең, онша шұңқыр емес (1,6,7-сурет). Табақтардың көлемдері, пішімдері көп жағдайда бірыңғай. Ернеулерінің көлемдері – 26–29 см, түбі – 9–12 см, биіктіктері – 8–9 см. Олардың құрамдары тығыз, әрі сапалы күйдіріліп жасалынған. Түстері қызғыш, ақшыл қоңыр түсті. Табақтардың ішкі жақтары көп жағдайда ақ, бұлыңғыр ақ, көк фондарға қара, ақшыл-қоңыр, жасыл бояулармен өрнектер түскен. Өрнектердің композициясының басты принциптері табақтардың формасына, жазыңқылығына қарай орналасқан (1,2-5-сурет). Түстік гамма және ою-өрнектердің орналасуы жағынан келесі топтарға бөлінеді:

1) Ақ фонға кара-қоңыр, көк бояумен жазылған.

2) Ақшыл-көк, көк фонға кара қоңыр бояумен жазылған. Сонымен қатар ою-өрнектердің түрлері және олардың орындалу техникасы жағынан да қосымша бірнеше түрлерге бөлуге болады:

а) ыдыстың ішкі түбі ортасында розеткалардың бейнеленуі;

б) ыдыстардың ішкі беткейінің тек жоғарғы жа-

ғында орналасуы;

в) кей кездері ыдыстың ішкі бетінде сурет-тердің жаппай орналасуы;

г) кей кездері бейнелер мүлде кездеспейді.

Розеткалар бейнеленген үлкенді-кішілі табақтар Сайрамның кейінгі ортағасырлық керамикаларында сирек кездеседі.

Табақтардың ернеулерінде, белдемшелерінде көбінесе өсімдік тектес бейнелер мынадай: жапырақ, тікен гүлдердің бейнелері тығыз орналастырылып оларды дөңгелек сызықтар бөліп тұрады. Ал бейнелердің жаппай орналасуында көбінесе ақ фонда көк, кара-қоңыр түстерді үйлестіре отырып, көбінесе бірін-бірі қуалаған ирек толқынды сызықтар, дақ тәрізді өрнектер, жалпақ-жіңішке сызықтардың үйлесімдері ыдыстардың ажарларын аша түскен. Кей кездері көк түсті фонда қоңыр түсті тікенек гүлдері сирек орналастырылған. Мұндай керамикаларды Отырардың жоғарғы құрылыс қабаттарынан да көптеп кездестіруге болады³.

Тағара негізінен кең жазық негізде, ернеулері сыртқа жеңіл қайырыла жасалынған. Тағаралар шебердің арнайы шеңберінде жасалынған. Көбінесе олардың ішкі жағы шыңылтырмен қапталып, сыртқы жағы қапталмаған. Шыңылтырдың түстері ақ және бұлыңғыр кіршіл ақ фонда. Мұндай кең, әрі үлкен тағараларда шеберлер бейнелерді толыққанды, еркін бейнелеп, өз ойларындағы сюжеттерді жеткізуге тырысқан. Сайрам тағараларында көбінесе ақ фонға кара-қоңыр, ашық-көк түстерді қолданған. Бейнелер өте жиі орналасса, кей жағдайларда орташа сиректікте орналастырылды. Негізінен бұрама (спираль) тәріздес оюлар, ирек, жіңішке-жалпақ көлденең сызықтармен көмкерілген. Бұрама (спираль) тәріздес бейнелер көбінесе тағараның түбінде бейнеленді. Сонымен қатар ашық көк фонға қою жасыл түсті бояумен тор тәріздес бейнелер орындалған.

Тағаралардың ернеулерін көбінесе сызықтар дөңгелене орналастырылған. Жалпы шаралардың формалары біркелкі, көлемдері екі түрлі: үлкендері 50 см-ге дейін, кішілері шамамен 47 см-ге дейін жетеді. Олардың түбі, қабырғалары ортасына дейін қалың болып келсе, белден жоғары ернеуіне дейін жіңішкеленген. Ернеулерінің ең жіңішкелігі 8 мм. болса, қалыңдығы 1 см-ге жетеді. Кейбір тағаралардың сыртқы беткейлері де шыңылтырмен қапталып суреттер бейнеленіп жатады.

³ Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар. Алма-Ата, 1981.

Сонғы алты жылдың көлемінде зерттелініп келе жатқан Шымкент қалашығының археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған керамикалар көлемі Сайрам ауданында кейінгі ортағасыр керамикалары, соның ішінде шыңылтырланған керамикалар өте көп мөлшерде жиналды.

Шымкент қалашығының кез келген аймағындағы қазбалардан, жоғарғы құрылыс қабаттарынан алынған керамикалар негізінен үлкенді-кішілі кеселер, табақтар, аласа құмыралар және тағаралар. Керамикалардың бояулары мен суреттері алуан түрлі.

Кеселер көлемдері жағынан екі түрге бөлінеді. Кіші кеселердің көлемдері ернеулері – 14 см, түбі – дискі тәріздес ортасы ішке қарай кірінкі немесе дөңгелек, ені – 5–6 см, биіктіктері – 7 см. Үлкендерінің ернеулері – 18–19 см, түбі – 7–8 см, биіктіктері – 9 см-ге дейін (1, 12, 13-сурет).

Керамикалар көбіне ақ, қанық көк, бұлың-ғыр көк фонға кара-қоңыр, жасыл, кара-көкшіл бояулармен суреттелген. Кеселердің құрамдары біркелкі, ашық қоңыр, қызғыш түстес. Құрамдары тегіс әрі жақсы күйдірілген.

Көп жағдайда кеселердің ішкі бөлігі суреттерге бай болып келеді (1, 14, 15-сурет). Ал сырт-қы жақтары көбіне беліне дейін жартылай немесе одан жоғары шыңылтырмен қапталып күңгірт түстермен кесені айналдыра дөңгелек сызықтар жүргізілген. Кей жағдайларда кеселердің іші-сыртының барлығы толығымен шыңылтырмен қапталып жатады. Сонымен қатар кеселердің көбісінің сыртқы жағы тегістеліп, кей жерлері пышақпен тураланған. Кеселерді суреттеуде өсімдік тектес, геометриялық өрнектерді жиі қолданған. Шымкент қалашықтарында тікен гүл екі түрлі көлемде бейнеленген, ірілері сирек орналастырылып бейнеленсе, ал майда бейнеленген тікен гүлдер шынжырлана жиі орналасқан.

Табақтардың (блюда) көлемдері, формалары көбінесе бірыңғай, дәстүрлі пішімді сақтайды. Көлемдері 50 см-ге дейін жетеді. Ыдыстардың түптері дискі тәрізді немесе дөңгелек. Табақтардың негізгі басым түстері ақ және көк түсте. Ал қоңыр, сары түстер сирек кездеседі. Ақ фонға шеберлер екі-үш түстерді қолдана отырып, ыдыс-тардың көркін аша түскен (1, 16, 17-сурет). Ал көк фонға бір түсті, яғни кара-қоңыр түсті қолданып, тек ирек немесе тік, қисық сызықтармен көмкерген (1, 18–20-сурет). Табақтардың бетіндегі ақ фондардағы қанық жасыл, қоңыр, қанық көк, көгілдір, кара



2-сурет

Мұндай кең ыдыстарда шеберлер бейне-лерді толығымен жеткізе білді⁴.

Осылайша Сайрам және Шымкенттің кейінгі ортағасырлық керамикасы пішіндерімен өрнек-тері, суреттерінің мотивтері бойынша өзара бір-біріне өте ұқсас. Сонымен қатар, олар кейінгі ортағасырлық Отырар кешенінен және Орта Азиялық бұйымдармен ұқсастықтарға ие.

Резюме

Приводится сравнительный анализ позднесредневеко-

вой глазурованной керамики городища Сайрам и Шымкент.

Summary

In this article happens to comparative analysis an late medieval glazed ceramics of the Medieval cities of Sayram and Shimkent.

⁴ Байтақов К., Ерзакович Л. Орта ғасырдағы Отырар керамикасы. Алматы: Өнер, 1991.